

**«Мен мамандық таңдаймын...»
республикалық интернет-байқауының
Баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2016 жылғы 5 қаңтарда «Мен мамандық таңдаймын...» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізуді бастайтынын хабарлайды.

Байқаудың мақсаты білім алушылардың Қазақстанның келешек экономикасы мен еңбек нарығына қажетті және сұранысқа ие болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауы үшін мамандықтарды зерделеудегі шығармашылық ыңғайын белсендендіру, білім алушылар мен педагогтерді бірлескен қоғамдық-мәнді кәсіптік бағдар қызметіне тарту.

Байқауға қатысуға өтініштер мен жұмыстарды қабылдау 5 қаңтардан басталады.

Байқауға 8-18 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары білім алушылары келесі жастағылар қатыса алады:

8-10 жастағы кіші санат;

11-14 жастағы орташа санат;

15-18 жастағы ересек санаты.

Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Мен мамандық таңдаймын...» тақырыбына ой толғау-шығарма;

- «Менің болашақ мамандығым» зерттеу жұмысы;

- Бейнероликтер байқауы;

- «Еңбектің барлығы жақсы – талғамыңа қарай таңдау жаса!» суреттер байқауы.

Байқаудың қорытындысы бойынша Әділ қазылар алқасының мүшелері жеңімпаздарды анықтайды.

Байқау жеңімпаздары Бас жүлде, I, II, III дәрежелердегі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында 10 наурызда орналастырылады.

Байқау жұмыстары konkurs.professiya@mail.ru электронды поштасына 2016 жылғы 25 ақпанға дейін қабылданады.

Ақпаратты 8 (7172) 72 98 99 телефондары арқылы алуға болады.